

## НОВЫЕ ШАГИ К ПОВЫШЕНИЮ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ

## ЖАҢҒЫРУ КӨШІНДЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрлі 46-ғылыми-әдістемелік конференция мен оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті. Конференцияда жергілікті ЖОО өкілдері өнеркәсіп секторларының сарапшыларымен маман дайындау жүйесіне байланысты ҚР «Білім туралы» Заңына енген бірқатар өзгерістерді талқылады.

Конференцияда кадр дайындау сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларын жаңғырту мәселелері, инновациялық оқыту: технологиялары мен әдістері сөз болды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен халықаралық ынтымақтастық департаменті директоры Серік Өмірбаев өзінің баяндамасында ҚР Білім және ғылым министрлігі қабылдаған бірқатар өзгерістерге баса назар аударды.

Жалғасы 3-бетте

## АРМАН АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Жуырда ҚазҰУ-дың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушы тұлғалары ҚР Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты бағдарламалық мақаласын талқылау мақсатында бас қосты. Елбасы тапсырмаларын жүзеге асыру жөніндегі университет міндеттері туралы жиында ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Ерболқызы Жаманбалаева баяндама жасады.

Елбасы мақаласында айтылған Қазақстанды терендете жаңғырту мақсатында атқарылған ауқымды істерге шолу жасай отырып, Шолпан Ерболқызы бес институттық реформаның қазіргі жаһандық дағдарыс кезеңіндегі көкейтестілігін атап өтті. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы бес бағыттағы Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды. «Ұлт жоспары – елімізді дағдарыстан алып шығатын дара жол. Ол Қазақстан халқын қиындықтан құтқарып қана қоймай, әлемдік бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл бағдарламаны жете түсіну аздық етеді, әрқайсымыз оның жүзеге асырылуына белсенді қатысуымыз керек», – деді проректор.

Бағдарламалық мақалада Қазақстан барлық посткеңестік елдердің ішінде алғаш болып мемлекеттік қызметшілердің жаңа кадрлық корпусын байқау және меритократия қағидаттары арқылы қалыптастыруға кіріскені туралы айтылды.

Жалғасы 4-бетте



Вице-премьер РК Д.Н. Назарбаева посетила Казахский национальный университет имени аль-Фараби, где ознакомилась с инфраструктурными объектами и встретилась с активом вуза. Участники встречи обсудили проблемные вопросы развития высшего образования и науки в Республике Казахстан и дальнейшие шаги по повышению ее конкурентоспособности.

Визит заместителя премьер-министра Республики Казахстан Дарига Назарбаевой начался с осмотра музея аль-Фараби, залов научной библиотеки и выставки достижений КазНУ, на которой были представлены современные научные разработки и проекты ученых, готовые к внедрению в производство. «Казахский национальный университет имени аль-Фараби – это университет номер один в Казахстане, предмет нашей национальной гордости», – отметила после ознакомления с объектами Дарига Назарбаева. «Сегодня мы обсуждаем в Правительстве проект государственной программы развития образования и науки на 2016-2019 годы. И мне бы хотелось знать, какие Вам главные проблемы видятся, и на что нужно обратить внимание в госпрограмме», – сказала вице-премьер.

В ходе обсуждения были подняты вопросы,

касающиеся независимой международной аккредитации образовательных программ и сертификации специалистов, а также участия вузовского сообщества в разработке профессиональных стандартов и подготовке школьных учебников. Ректором КазНУ Г.Мутановым были затронуты проблемы повышения экспортного потенциала и конкурентоспособности высшего образования Казахстана, преобразования университетов в реальный субъект рыночной экономики и реализации новой модели интеграции науки, образования и производства. «В этой связи необходима разработка и реализация программы трансформации ведущих вузов страны в исследовательские университеты мирового уровня, на основе трансляции опыта Назарбаев Университета», – отметил ректор КазНУ Г. Мутанов.

Продолжение на 2 стр.

### БҮГІНГІ САҢДА:

ЖАҢА БАСТАМАЛАР –  
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ



2-бет

ВОСПИТАТЬ  
ГАРМОНИЧНУЮ ЛИЧНОСТЬ



5-стр.

ПОКАЗАТЕЛЬ ЗДОРОВОГО  
ОБРАЗА ЖИЗНИ –  
СПАРТАКИАДА



8-стр.



# НОВЫЕ ШАГИ К ПОВЫШЕНИЮ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ

Продолжение. Начало на 1 стр.

Визит заместителя премьер-министра Казахстана продолжился посещением Центра обслуживания студентов «Керемет», где сосредоточены все необходимые сектора для оказания обучающимся услуг по принципу «одного окна». Данная модель, внедряемая в КазНУ, может служить образцом для казахстанских вузов, стремящихся к обеспечению комфортных условий жизни студентов.

Особый интерес вызвал Диагностический центр, открытие которого в стенах казахстанского университета стало результатом успешного сотрудничества с южнокорейскими партнерами – Сеульским национальным университетом и Университетом Енсе, входящими в тройку лучших вузов Южной Кореи и в топ ведущих университетов Азии и мира. Диагностический центр оснащен новейшим медицинским оборудованием, позволяющим осуществлять диагностику пациентов и дистанционное консультирование с использованием технологии телемедицины с участием ведущих



специалистов южнокорейской клиники «Кангнам Северанс». Данный Центр наряду с открывшейся недавно в университете Высшей школой общественного здравоохранения является важной составляющей

медико-биологического кластера, формируемого в КазНУ на основе мирового опыта.

По итогам встречи вице-премьер Д. Назарбаева дала поручения по дальнейшему усовершенствованию

образовательных и научных программ и призвала отечественные вузы активнее привлекать бизнес в сферу высшего и послевузовского образования.

ПРЕСС-СЛУЖБА

РЕКТОРАТ

## ЖАҢА БАСТАМАЛАР - ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымының кезекті ректорат отырысының басты тақырыбы – ҚР премьер-министрінің орынбасары Д.Н. Назарбаеваның 15 қаңтардағы іссапары барысында қойылған университеттің міндеттеріне арналды. Бұл туралы алғашқы хабарламаны бірінші проректор М.М. Бүркітбаев жасады.**

Мұхамбетқали Мырзабайұлы өз сөзінде Д.Н. Назарбаеваның университетімізге келуі жаңа бастамаларға жол ашатынын айтып, премьер-министр орынбасары негізге алған түрлі сұрақтар мен ұсыныстарға тоқталды. «Дариға Назарбаева университетіміздің мемлекет бойынша алғашқы орында екенін және ұлттық намыстың айқын бейнесі

болып табылатынын айтты. Сондықтан, біздің де мемлекеттің саясатына, оның стратегиясына сай қызмет көрсете отырып, түрлі маңызы бар жобаларды дамытуға үлес қосу қажет екендігімізді айқындап берді. Ол экономика және қаржы саласында сараптау материалдарының жетіспейтіндігін, дәл қазіргі уақытта халыққа қажетті мәліметтер осы саламен

байланысты екендігін көрсетіп, барлық факультеттерге журналистика негіздері пәнін енгізу немесе журналистика кадрларын сапалы даярлау тұрғысында маңызды жобалар енгізуді ұсынды», – деді ол. М.М. Бүркітбаевтың айтуынша, университет әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оқу-танымдық, ғылыми-инновациялық және әлеуметтік-тәрбиелік, қаржы қызметіне байланысты туындайтын мәселелерді шешу барысында жаңа бастамаларды негізге алуы қажет.

Кезекті мәселелер легін құрайтын – мектептер мен ЖОО-ға арналған оқулықтар жайын қарастыру, ҚазҰУ медициналық факультетіне арнайы клиникалық база бөлу, PhD докторанттарды даярлау барысындағы мүмкіндіктерді анықтау, Баласағұни қаласына зерттеу жүргізетін университетіміздің археологиялық базасына қолдау көрсету, осы жолда Қытай және Корея мемлекеттерімен қарым-қатынасты нығайту, университет үшін маңызы бар жобаларды қабылдау сынды тақырыптар да бірінші проректордың хабарламасында толық қамтылды. Қазақ халқының ұлттық философиясы мен Әл-Фараби мұраларын жаңғырту мақсатында «Қазақ философиясы» деп аталатын кітапты жарыққа шығару, «Әл-Фараби және қазіргі заман» оқу құралын электронды форматқа енгізу және осы тақырып бойынша онлайн курстар өткізу сынды маңызды тапсырмалар да тапсырылды. Ғылыми-инновациялық

бағытта жұмыс атқаратын университеттік «Әл-Фараби-1», «Әл-Фараби-2» сынды наноспутниктер, «Әл-Фараби-3» атаулы микроспутниктердің жіберілуі, 2011 жылдан бері қызмет атқаратын казак-француздық «Геоэнергетика» орталығының құқықтық мәртебесін айқындау да баяндаманың негізгі бөлігіне айналды.

Ректор Ғ.М. Мұтанов вице-премьер Дариға Назарбаеваның ҚазҰУ-ға келуіне орай негізгі сұрақтар мен ұсыныстарды кеңінен талқылап, бұл бастамалар дер кезінде әрі дұрыс бағытта орындалар болса, оның университеттік жобаларға үлкен әсер тигізері даусыз екендігін атап өтті.

Келесі кезекте, күн тәртібінде көрсетілгендей, оқу ғимараттары мен жатақханалардың 2015-2016 оқу жылының екінші семестріне дайындығы туралы әлеуметтік даму жөніндегі проректордың орынбасары, студенттік қалашықтың директоры Ә.Ә. Сейітжанов өз хабарламасын жасаса, оқу жұмысы жөніндегі проректор Д.Ж. Ахмед-Заки 46-ғылыми-әдістемелік конференцияның, РОӘК мәжілісінің қорытындылары туралы ақпараттарымен бөлісті. Жиын соңында алғашқы жартыжылдық қорытындысы да көрсетіліп, ОПК, кафедралар мен факультеттер рейтингісі шығарылды.

Ұлжан ИБРАИМОВА

**Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары  
Дариға Назарбаева ҚазҰУ-ға іссапармен келді**



# КазНУ назван лучшим вузом Тюркских стран

**Всемирный конгресс Тюркских народов удостоил КазНУ им. аль-Фараби звания «Лучший вуз Тюркских стран». Об этом высоком международном признании казахстанского вуза объявил президент Всемирного конгресса Тюркских народов Яхья Юсифоглы Алиев во время встречи с коллективом КазНУ им. аль-Фараби.**



Академик шести Академий мира, президент Всемирного конгресса Тюркских народов, доктор Яхья Алиев отметил, что данное решение было принято единодушно в декабре 2015 года на заседании Всемирного конгресса Тюркских народов объединяющим 47 тюркских народов и народностей и вручил ректору КазНУ, академику Галыму Мутанову золотую медаль «За исключительные заслуги перед Тюркским миром».

Выступая с речью перед коллективом КазНУ, высокий гость сказал: «Я был во многих университетах мира с высоким статусом. Но КазНУ впечатляет масштабами преобразований и динамикой продвижения в мировом рейтинге за очень короткий срок. Лидирующие позиции казахстанского вуза являются ярким свидетельством того, что в государстве уделяется большое внимание развитию

человеческого капитала, который является своего рода инвестициями в будущее. Высокий уровень образования в Казахстане является примером заботы одного из мировых лидеров, Президента РК Н. Назарбаева о молодом поколении и его огромного внимания науке и образованию», - отметил Яхья Алиев. Следует отметить, что лидерство КазНУ

в тюркских странах подтверждается и результатами международного рейтинга QS World University Rankings, в котором КазНУ, занимая 275-е место, стоит первым среди университетов тюркских стран.

Символично, что награждение совпало с днем рождения Казахского Национального университета им. аль-

Фараби – 15 января КазНУ исполнилось 82 года со дня его основания. очередное международное признание стало приятной новостью для большого коллектива университета и стимулом к достижению дальнейших высот в сфере науки и образования.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Жалғасы. Басы 1-бетте

Атап айтқанда, ЖОО оқу жоспарын өздері анықтауға, дипломдық жұмыс пен мемлекеттік емтихандар арасында таңдау жасауға мүмкіндік алады. «Осылайша, ЖОО қорытынды аттестация түрін өздері таңдайтын болады», - деді Серік Өмірбаев. Докторантураға да өзгерістер енді. Енді жұмыс берушінің немесе басқа да инвестициялардың есебінен, яғни жеке бастамалармен PhD дәрежесін алуға, яғни біліктілікті арттыруға болады. «Құрылымның теориялық жағы 20%-ға азайып, ғылыми-зерттеу жұмысы 85 кредитке дейін артады», - деп сарапшы ғылымға көбірек көңіл бөлінетінін айтты.

Қалыптасып жатқан кәсіби стандарттар жүйесі қызметкерлердің біліктілігін растау үшін кәсіби емтихан енгізеді. Бұл механизм тәуелсіз сертификаттау орталықтарының желісін қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Белгілі орталықта берілген баға жұмысқа үміткерлердің кәсіби қабілетін дәлелдейтін құжат ретінде жүреді. Жаңашыл үдерісті реттеуге республикалық комиссия құру мәселесі де көтерілгендігін айта кету керек.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Марат Исабеков «кәсіби карточкалардың» тиімділігі туралы баяндама жасады. «Кәсіби карточка» – маман дайындайтын ЖОО мен соған маманданған сала қызметкерлері дайындаған кәсіби стандарттар жиынтығы. «Kazenergy» мұнай-газ және энергетика кешенінің адами капиталды дамыту департаменті директоры Ляззат Ахмурзина білім беру бағдарламаларының өзектілігін мұнай-газ секторы қажеттіліктеріне сай қолдау мен академиялық үрдісті нақты өндіріс ошағымен тығыз байланыстыруды ұсынды.

## ЖАҢҒЫРУ КӨШІНДЕ



«Егер, бір мамандық бірнеше салада қатар пайдаланылатын болса, мәселен, бұрғылау және барлау жұмыстары, онда мамандықтардың санын жасанды түрде көбейтпеу үшін қызметтің бұл түрін бір ғана мамандыққа тиесілі деп есептеу керек. «Kazenergy» сарапшыларының мамандықты жіктеуге байланысты жүргізген анализ қорытындысы бойынша жұмысшылардың қызметі мен кәсібінің 45 жаңа түрі анықталды», - дейді Ляззат Ахмурзина.

Әуе операцияларының қауіпсіздігіне алаңдаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальников азаматтық авиация комитетімен бірлесіп авиациялық метеорологиялық стандарттарды аяқтау керектігін айтты.

Конференция қорытындысына негізделіп, білім беру бағдарламаларын жаңғырту, аккредитация және кадрлар дайындау сапасының кепілін қалыптастыру мен білім беру қызметінің сапасын арттыру үшін ҚазҰУ-ға келесідей міндеттер қойылды:

1. Кәсіби қауымдастықпен бірге білім беру бағдарламаларының сапасын

келесі бағыттар бойынша анықтау: күзреттілік, күтілетін нәтижелер, оқу курстарының мазмұны, оқыту әдістері, бағалау әдістері, білім алушылардың ғылыми қызметі, кадрлық құрам, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері;

2. Білім беру бағдарламаларын сертификаттау тетігін кәсіби қауымдастықтармен және бірлестіктермен бірігіп әзірлеу;

3. Білім беру бағдарламаларына сыртқы сараптауды ұйымдастыру;

4. Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру мен бақылау барысында аккредиттеу агенттіктерінің ескертулерін есепке алу механизмін әзірлеу;

5. Факультеттің білім беру үдерісінде студентке бағытталған өкілдік талдау ұйымдастыру;

6. Тәжірибе алмасу мен біліктілікті арттыру мақсатында жетекші оқытушы-профессорлар құрамын шақыру арқылы университеттің оқытушы-профессорлық құрамына оқыту семинарларын өткізу;

7. Пәннің және мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып, оқу нәтижесінде күтілетін бағалау формасын жасауға әдістемелік нұсқаулық әзірлеу;

8. Кәсіпорын ассоциацияларымен және «Атамекен» ҚР ҰҚП-мен бірлесіп, әр мамандыққа сай кәсіби стандарттарды дайындауға бастамашылық жасау.

Отырыс соңында қабылданған шешімдер білім мен ғылымның дамуында стратегиялық мақсатқа қол жеткізуге көмектесетін болады (көмекші құрал болады).

Өзекті мәселелерді талқылауға 500-ден аса оқытушы-профессорлық құрам, ҚР Білім және ғылым министрлігі, «Ғылым Ордасы» мен ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдері қатысты.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

**14-15 января в КазНУ состоялись 46-я научно-методическая конференция и заседание учебно-методического объединения**



# Қазақстан в изменяющемся мире

## АРМАН АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ


Жалғасы. Басы 1-бетте

«Қазіргі таңда мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңіне қарай отырып, біз әкімшілік мемлекеттік қызметшінің мансабы оның біліктілігі және жинақтаған тәжірибесіне, оған еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі оның біліктілігі мен атқаратын жұмысының сипатына, көлемі мен нәтижесіне байланысты екенін көреміз. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрысының қалыптары регламенттелген Мемлекеттік қызметшілердің жаңа этикалық кодексі жасалды. Жаңа институт – этика бойынша елімізде өкілетті өкілдер институтын құру көзделіп отыр», – дей келе Шолпан Ерболқызы аталған механизмдердің университеттегі көріністеріне тоқталды. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бүгінде нәтижеге бағытталған басқаруға көшкен. Университетте әрбір оқытушының, нәтижесінде ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін рейтингтік жүйе енгізілген. ҚазҰУ-дың соңғы жылдары білім кеңістігінде үлкен серпіліс жасап, биыл әлемнің үздік 800 университеті арасында 275-орынға көтерілуі – соның айқын дәлелі. Университетке оқытушыларды қабылдау байқау негізінде жүзеге асады және олар еңбектік қатысу үлесіне қарай үстемеақы алады. Университетте 2011 жылы этикалық талаптарға негізделген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері мен оқытушыларының ұжымдық мәдениет кодексі және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі қабылданды. Сондай-ақ біз әр факультетте этика бойынша комиссия құрдық, олар бүгінгі таңда толыққанды жұмыс атқаруда. Біз «Университет жемқорлықтан таза» жобасын жүзеге асыруға кірісіп кеттік. Елін, жерін шын сүйетін, білімді де білікті маман даярлау мақсатында көптеген әлеуметтік жобалар жұмыс істеуде. Ендігі біздің мақсатымыз – осы механизмдерді жетілдіру, жүзеге асыра беру, олардың біздің өмірімізге етене енуін қамтамасыз ету», – деді проректор.

Сондай-ақ жиын барысында қалашықтың тыныс-тіршілігіне қатысты өзге де маңызды мәселелер сөз болды. Құқықбұзушылықтың алдын алу туралы Студенттік қалашық директоры Әбдіқаһар Сейітжанов хабарлама жасады. Оның айтуынша, бүгінгі таңда ҚазҰУ аумағында 714 бейне бақылау камерасы орнатылған. Әбдіқаһар Әнуарұлы бейне бақылау құрылғыларының қауіпсіздік қызметі тиімділігін арттыруға үлкен ықпал етіп отырғандығын жеткізді. Қалашық директоры жедел әрекет ету қызметінің 2015 жылдың қыркүйек-қараша аралығында атқарған жұмысына тоқтала отырып, университеттің тәрбие жұмысына жауапты тұлғаларға қарата өзіндік ұсыныстарын да айтты. «Қазіргі кезеңде студенттік ортаның көңіл-күйін бақылауда ұстау, тәрбиелік бағытта жастармен белсенді жұмыс жүргізудің маңызы зор», – дей келе, студенттер арасында кездесетін құқықбұзушылық түрлеріне тоқталып өтті.

Жиын барысында көтерілген мәселелерге қатысты факультет декандары мен кафедра менгерушілерінің орынбасарлары, куратор-эдвайзерлер өз ойларын ортаға салып, пікір бөлісті. Олар Елбасы бағдарламасын бірауыздан қолдай отырып, қоғам мен Отан алдындағы жауапкершілігін толық сезінетін тәлімді ұрпақ тәрбиелеуді оны жүзеге асырудың бір тетігі ретінде қарастырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



«Общенациональное движение «Қазақстан-2050» должно организовать разработку к принятию патриотического акта «Мәңгілік Ел», – сказал Н. Назарбаев, озвучивая ежегодное Послание народу Казахстана «Қазақстанский путь-2050 – единая цель, единые интересы, единое будущее». Глава государства призвал все политические партии, общественные объединения и всех казахстанцев принять активное участие в достижении цели Стратегии «Қазақстан-2050».

Несколько позднее они получили конкретизацию в ста конкретных шагах. Часть из них посвящена вопросам гражданской идентичности и единству казахстанского общества.

По его глубокому убеждению, эффективное решение этих вопросов предполагает разработку и реализацию: проекта патриотического акта «Мәңгілік Ел»; масштабного проекта Ассамблеи народа Казахстана «Большая страна – большая семья»; национального проекта укрепления гражданской идентичности «Менің Елім»; национального проекта по продвижению идеи «Общество всеобщего труда»; национального проекта «Нұрлы болашақ», а также внедрение ценностей «Мәңгілік Ел» в действующие учебные

программы школьного образования. Речь идет о внедрении таких ценностей, как единство и стабильность в стране, уважение и доверие друг другу, любовь, добро и счастье.

Глава государства считает, что при оперативном решении этих вопросов XXI век будет для Казахстана «золотым веком», так как нами поставлена амбициозная цель – превратить нашу независимую страну в вечное государство. По его словам, ценностями государства являются его независимость и новая столица, которая поражает своей красотой и казахстанцев, и гостей. Кроме того, такими ценностями являются национальное единство, мир и согласие, а также светское общество и высокая духовность, экономический рост и индустриализация, общество всеобщего труда. Также Н. Назарбаев отнес к ценностям общность истории, культуры и языка, а также национальную безопасность и участие страны в решении общемировых и региональных проблем. «Благодаря этим ценностям мы всегда побеждали, множили наши великие успехи», – сказал Глава государства.

«Мәңгілік Ел – это вечный ел, это национальная идея нашего общества казахстанского дома. Мечта всех наших предков. За годы суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев, составляют фундамент будущего нашей страны: стабильность, толерантность, равенство всех, несмотря ни на что – религиозные пристрастия, национальность и так далее», – отмечает Президент.

Одним из приоритетов развития казахстанского общества является укрепление единства страны и народа. Это единство возможно на путях воспитания патриотизма, толерантности, высокой культуры, уважения к правам и свободам человека. Наши общие достижения в этих вопросах позволяют перейти к системной многовекторной работе по дальнейшей модернизации политической системы и развитию демократии. Этот процесс демократизации нашего общества должен проходить в соответствии с традициями и принципами западных демократий, ведущих государств Юго-Восточной Азии и многонационального, поликонфессионального Казахстана.

М. Ш. ХАСАНОВ,  
В. Ф. ПЕТРОВА,

доктора философских наук,  
профессоры КазНУ



25 - 29 қаңтар аралығында

«Қазіргі заманғы Иран әдебиеті мен парсы тілі» атты ғылыми семинар өтеді



# Воспитать гармоничную личность

При поддержке Департамента по воспитательной работе КазНУ и проректора Ш. Е. Джаманбалаевой на факультете философии и политологии прошли традиционные, уже VI по счету зимние тренинги Школы кураторов-эдвайзеров. В мероприятии приняли участие преподаватели всех факультетов и Профильной школы КазНУ.



Очень интересными были тренинги второго дня. Тренинг к.п.н., доц. З. М. Садвакасовой и ассистента А. В. Вишневецкой «погружал» преподавателей химико-технического, биологического, географического факультетов в Галерею

большой силой. Особенно это актуально в век визуальной и массовой культуры и глобализации. «Любовь и служение — два очень близких понятия. И для того, чтобы развивать эти два качества нужно иметь чистоту слова, мысли, действия», — подчеркнула тренер.

Тренеры к.п.н., и.о. доценты М. Д. Шагырбаева, А. М. Кудабегенова, преподаватели З. У. Ельбаева, С. А. Рамазанова использовали тренинговые воспитательные технологии диагностики и развития. Преподаватели Высшей школы экономики и бизнеса, филологического и юридического факультетов продемонстрировали свою активность, мобильность и креативность при выполнении заданий. Увлекательными были методики метафорических карт, поиска ключей жизненного развития, проективные методики.

В последний день тренингов, семинары провела заведующая кафедрой педагогики и образовательного менеджмента факультета философии и политологии, д.п.н. А. А. Булатбаева. Кураторы-эдвайзеры механико-математического, физико-технического и исторического факультетов изучали диагностику студентов группы риска, технологии воспитательно-развивающей работы «Построение здания», составляли истории развития по шаржам.

Зимние тренинги кураторов-эдвайзеров стали не только традиционными, но и приобрели большой круг постоянных участников. Во время тренингов преподаватели делились тем, что это их третьи, четвертые, ...шестые зимние тренинги. Кураторы обменивались опытом, как они применяют усвоенные ранее на тренингах Школы КЭ методы воспитательной работы. В

группах проходил обмен мнениями, опытом кураторской работы разных факультетов.

Кураторы-эдвайзеры вновь продемонстрировали высокий уровень креативности, оригинальности применения методик. На семинарах зарыла, с одной стороны, деловая, активная, с другой стороны, атмосфера творчества и размышлений. Педагоги КазНУ продолжают отечественные академические и воспитательные традиции, интегрируя их с мировым опытом. Школа кураторов-эдвайзеров проводит активный поиск новых подходов, идей, стратегий и методов воспитания. Тренинги инновационных методов воспитания, совладающего поведения, копинг-стратегий, арт-терапии проводились в школах, детских домах, вузах.

В заключение зимних тренингов Департамент по воспитательной работе провел анкетирование кураторов-эдвайзеров об удовлетворенности семинарами и новых запросах коллег.

«Открытие нового в университетской академической среде» как идея и качество составляет дух общности коллектива университета, педагогической и научной общественности. Открытие нового в новом 2016 году, новом для университета 82-году работы, году 25-летия Независимости Казахстана — объединяет нас для новых свершений и достижений, новых шагов в развитии университета.

Желаем кураторам-эдвайзерам здоровья, успехов, замечательных открытий студентов.

**А. К. МЫНБАЕВА,**  
руководитель Школы кураторов-эдвайзеров, и.о. проф. кафедры педагогики и образовательного менеджмента факультета философии и политологии

стратегий воспитания. К идеям великих психологов и педагогов, образно развешанным в виде небольших картин, можно было присмотреться и настроиться в аудитории Этнопедагогического музея кафедры педагогики. Педагоги вспомнили воспитательные идеи Аль-Фараби, Абая, М. Жумабаева. Со стен музея также «говорили» В. Штерн, Ч. Карвер, А. Либина, С. Лазарус и другие.

«Разговор со своим Я — реальным, зеркальным, идеальным» или поиск гармонии «Тела — души — духа» как метод самосовершенствования личности предложила к.п.н., доцент Н. А. Анарбек. Поиск душевного равновесия и путей духовного развития позволил задуматься кураторам о паритете духовных и материальных ценностей в развитии студента, о корпоративном духе, жизнестойкости. Эксперт ННПОЦ «Бөбек» Н. А. Анарбек акцентировала внимание на расширении интеллектуальных и духовных возможностей студентов через культивирование абсолютных общечеловеческих ценностей как Истина, Любовь, Праведное поведение (Долг), Внутренний покой (Мир), Ненасилие. Метод личного примера куратора всегда в педагогической работе обладал



20 января в КазНУ с лидерской лекцией выступит Директор Казахстанского института стратегических исследований Ерлан Карин на тему «Центральная Азия: тренды и сценарий»



# Военное сотрудничество

**Недавно двое студентов военной кафедры КазНУ, в составе группы из представителей КазНПУ и ТарГУ, побывали в Индии. Они ознакомились с жизнью и бытом кадетов Национального Кадетского Корпуса. Поездка состоялась в рамках меморандума о взаимном сотрудничестве.**



Тщательный отбор студентов КазНУ был проведен согласно тому, что вторым официальным языком Индии является английский. На цикле гуманитарных дисциплин военной кафедры КазНУ студенты военно-учетной специальности обучаются на английском языке и проходят подготовку в сфере военного перевода. Начальником цикла является подполковник Р. Н. Крыкбаев, а преподавателем английского языка – подполковник Б. Б. Смагулова.

Лучшими среди курсантов военной кафедры КазНУ оказались студенты 3 курса факультетов: востоковедения – Жанадил Талдыбаев и международных

отношений – Байсултан Отарбаев. Они посетили Национальный Кадетский Корпус Индии и встретились с его руководящим составом, приняли участие в пустынном сафари на верблюдах и получили сертификаты, приобрели навыки верховой езды. Так же они побывали на брифингах и посетили достопримечательности в городах Нью-Дели, Джайсалмер, Джайпур и Агра.

Национальный кадетский корпус Индии обеспечивает военную подготовку и отработку командных навыков молодежи и студентов, учащихся школ и колледжей, предоставляет возможность служить в Вооруженных Силах Индии, имеет обширную программу молодежного обмена с рядом стран во всем мире, в том числе и с Казахстаном. По организации Национальный Кадетский Корпус Индии схож с военными кафедрами в Казахстане.

Глава казахстанской делегации начальник военной кафедры ТарГУ полковник С. Мукушев, преподаватель военной кафедры КазНПУ полковник Ю.И. Выдышь, также командующий региональным командованием Раджастан полковник Мохапатра отметили высокую подготовку и отличные знания военной терминологии студентов КазНУ. Во время всего пребывания делегации в Индии студент КазНУ Жанадил Талдыбаев был главным переводчиком группы.

**Соб.кorp.**

**Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа жолдаған «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біз экологиялыққа баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде мен агроөнеркәсіптік кешеннің алдына – экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық оныншы болу міндетін қоямын», – деген болатын. Осы орайда бүгінде қоршаған ортаға залалын тигізетін құрылымдарды бірте-бірте жойып, оған балама көздерін табу қолға алыну үстінде.**

Елімізде табиғатты таза сақтау бойынша «жасыл экономика» жобалары жасалып, іргелі жұмыстарға басымдық берілуде. Соның бірі – күн нұрынан қуат өндіру болса, екіншісі – жел энергетикасын заман талабына сай қолданысқа енгізу, сол арқылы табиғатты таза сақтау міндеті алдымызда тұр. Осы аталған жағдайларға байланысты Қазақстан бойынша жоғары оқу орындарында, әртүрлі ұйымдарда экологиялық мәселелерді онтайлы шешудің жолдарын қарастыратын түрлі шаралар кешені ұйымдастырылған болатын. Қазіргі таңда қоғамдық және жекеменшік көліктерден шығатын көмірқышқыл газының мөлшері рұқсат етілген шекті шамадан асып, көп қабатты ғимараттардың төбесінен таңғы уақытта мұқият қарасақ, үйірілген кара бұлтты байқаймыз. Тұмшаның әсерінен адамдарда пайда болатын аурулардың түрі мен санын көптеген шетелдік, отандық ғалымдар дәлелдеп, зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Айта кететін болсақ, мұндай күрделі жағдайдың да шешімін тауып, мемлекет тарапынан жасалған шаралардың орындалып жатқаны көңіл қуантады. Стратегияда «Жасыл экономика» бөлімінің 6-бағытында «таза көлікті дамыту» жоспары алға қойылды. Осыған байланысты Алматы қаласында халық денсаулығына, қоршаған орта жағдайының жақсаруына негіз болатын веложолдар салынып, арнайы белгіленген жерлерге тарифтік велосипедтер орналастырылды. Солардың бірі ретінде университетіміздің алдына

орналастырылған велосипедтерді атап өтуге болады.

ҚазҰУ да аталған шараларды жүзеге асыруға белсенді атсалысуда. Мысалы, Стратегияда айтылған «Жасыл экономика – болашақтың экономикасы» бөлімінің бірінші бағытында жаңғыратын энергия көздерін енгізуге үлкен маңыз берілді.

## ТАБИҒАТТЫ ТАЗА САҚТАУ – Баршамыздың міндетіміз

Аталмыш бағыт бойынша электр энергиясын үнемдеу мақсатында университетіміз «Технологиялық паркті» электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін алаңға күн панельдерін орнатты.

Университетіміздің өзін де «жасыл университет» деп атасак, қателеспейміз. Университетіміз құрылған сәттен бастап ерекше күтім мен мұқият қадағалаудың нәтижесінде жылдан-жылға бой түзеп өсіп жатқан жасыл желектер – соның айғағы.

Жоғарыда аталып өткен «Жасыл экономика» бөлімінің 4-бағытында «Қалдықтарды басқару жүйесін дамыту» туралы айтылған болса, Елбасымыз өзінің халыққа Жолдауында студенттерді демалыс кезінде құрылыс жасақтарында үй салу жұмысымен қамтамасыз ету,

елімізді көгалдандыруға бағытталған «Жасыл ел» бағдарламасын кеңейту және де жастарды аталмыш шараға шақыру туралы бастаманы көтерді. 2005 жылдың 25 маусымынан бастап шара белсенді түрде жүргізіле бастады. Мәліметтерге сүйенсек, осы уақытқа дейін бағдарламаға 200 мыңнан астам студент жастар қатысқан екен. Жасыл ел – еліміздің білім алып жатқан болашақ жастарын, сонымен қатар жұмыссыз жастардың маусымдық жұмысқа орналасуына мүмкіншілік беретін, бүкіл елдің ішінде орман алаптарын жасауға, осылайша, Қазақстанның экологиясын жақсартуға, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, қоршаған орта – табиғатты аялауға арналған мемлекет бағдарламасы. Шараның жүргізілуі барысында 111 000 га жуық жер қайта өңделіп, ұлы өлкемізде

көпір – ұрпақтан-ұрпаққа» тақырыбында студенттердің халықаралық форумы ұйымдастырылып келеді. Жобаның басты мақсаты жастардың экологиялық маңызды ұсыныстарын ескере отырып, еліміздегі экологиялық мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздестіру болып табылады.

Университеттің география және табиғатты пайдалану факультетінің «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасы құрылғаннан бері аталған бағдарлама аясында көптеген шаралар атқарып келеді. Мысалы, қолданыстан шыққан қағаздарды жинау, оларды қайта өңдеуші өнеркәсіптермен келісімге келу арқылы бағдарламаны дамытуда елеулі жұмыстар жүргізілуде. «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» және «Экология» саласы бойынша білікті мамандар даярлап шығаратын кафедра республикалық және жергілікті масштабта ұйымдастырылатын экологиялық форумдарға өзекті ғылыми жұмыстарын ұсына отырып, белсенді қатысушылардың қатарынан көрініп келеді. Соның дәлелі ретінде кафедра оқытушылары мен студенттері жобаларының

Ә. Назарбаеваның бастамасымен жыл сайын ұйымдастырылатын «Жандану» ұлттық экологиялық форумында жүлделі орындарға ие болғанын тілге тиек ете аламыз.

Міне, дәл осындай бастамасы шағын болса да, болашағы зор бағдарламаларды жүзеге асыра беретін болсақ, еліміздің «Жасыл мемлекетке» айналарына сеніміміз мол.

**М.М. АБДИБАТТАЕВА,**

*«Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО»  
кафедрасының профессоры м.а.;*

**А.Б. БОЛАТБЕК,**

*«Қоршаған ортаны қорғау және өмір  
тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығының  
3-курс студенті*

**Біліктілікті арттыру институтының ұйымдастыруымен  
«Арнайы педагогика» атты семинар өтті**





**БАҚЫТ**

Сен маған сөзбенен айтудан жалықпа, Қымбат жан екенім бір саған анық па?! Бауырым, бір саған жүректен тілеймін Бақыттың бойында әрқашан қалықта.

Қуаныш жүзімде, осылай күндерім, Ойменен өтуде кейбір сол түндерім. Мұнайып келгенде шаттанып отырсаң, Жымыып тұрғаның, ол менің күлгенім.

Бауырдай адамдар ешқашан табылмас, Сенімді таптайтын адамға жаным қас. Шүкір деп келемін Аллаға әрдайым, Болғаны үшін тек әпкелер, қарындас.

Әрине, бастысы ата-анам білемін, Тілеуін тілеп мен әр уақыт жүремін. Ағаның болғанын қалап ем болғандай Ұзағынан болсыншы осы ғой тілегім.

Бауырым, қорғаныш болып жүр сен маған, Сеніммен қараймын әр уақыт мен саған. Ешқашан қалдырма інінді сен жалғыз Жүректен айтып бір, қолға алдым мен қалам.

Сенеді бауырың бір саған білсең ғой, Кей уақыт күдікпен келеді небір ой. Әрқашан бөлінбей жүрейік біз бүтін, Алдағы уақытта болсыншы шаттық, той.

Мен досқа сенгенмін, сатқыны қаншама, Жалықпай іздедім таба алмай қалсам да. Бірақ мен өзінді дос деп еш білмеймін, Бауыр деп қараймын, өзгеден болсаң да.

Ренжітпе інінді, тастама еш уақыт, Жаныңда болғанда келеді бар шаттық. Ата-ана, әпкесі, қарындас және де Ағасы болғанда болар сол бір бақыт!

*Иманқұл Мұсат Париддинұлы  
1994 жылы 1 наурызда  
дүниеге келген. Өлең шығаруға  
деген құлшынысы мектеп  
табалдырығынан басталған.  
Бүгінде Мұсат ҚазҰУ-  
дың физика-техникалық  
факультетінің 4-курс  
студенті. Ол физика  
саласына өзіндік үлес қосқан  
ұстазы Рапия Пралиева мен  
университет қабырғасында  
шығармашылық қырын  
шыңдай түскен жетекшісі  
Фарида Белисароваға үлкен  
алғыс білдіреді.*

**ӨЗІММЕН-ӨЗІМ...**

Көмегі тиер көп уақыттарда сымбаттың, Жазылмай жатыр жүректегі сол сырқатым. Қанша тырыссам да жеңе алмай бүгін келемін, Жүректі емес, ақылды тыңда, қымбаттым.

Өзіммен-өзім кенесіп біраз ойландым, Өткен уақытты тағы да, тағы ойға алдым. Сағынып біраз отырам, баса алмаймын Мұнаюға да мына күн көптеп тойғанмын.

Мықтымын деп бір өзімді қанша басыппын, Бірін қуанып, біріне ренжіп тасыппын. Жаралы тұрған жүрекке өзі бар ма екен Қабылдап көріп, дәмін сезейін ғашықтың.

Өзгеге ақыл айтуға біраз құмармын, Ойын дұрысқа, бұрысқа бөлкім бұрармын. Өзінді ойла, тыңдама жүрек айтқанын деп ақыл айттым, қойғанда досым сұрағын.

Ал өзім қайтем, шыдай алам ба бәріне, Басамын тағы өзімнің мұңлы әніме. Түсінер адам таппадым қайтем, қайтейін, Алданыш осы көмектесе алсам бәріңе.

Түсінер адам іздеп мен солай өтермін, Ансаған арман максатқа бөлкім жетермін. Қуаныш қанша болса да жүрек жабырқау, Сүйген адамы жоқ, түсінер досын таппаған, Сол жағынан мен сондай жалғыз екенмін!

**ӨМІР**

Көңілде сырлар қалмастай бүгін ағылса, Түсінер адам келіп бір сені сағынса. Ақылын айтып, ойынды сенің өзгертер, Көңілдің кілтін ашатын адам табылса.

Мұңлы көздерге қашанғы қарап тұрасың, Сөзде де мұң бар, қалайша шыдап тұрарсың. Жабырқап отыр, білмейді нені ойларын, Өткінісі бәрі, бұдан да өтіп шығарсын.

Өмір керемет, сүйемін шексіз өзінді, Мұнайып қалам, байқаймын сонда өзімді. Жаксылық болсын алда тек соны күтейін, Бере гөр, Аллам, сабыр мен шыдам, төзімді.

Жакын жандарға бақыт сыйлағым келеді, Ақылым емес, көңілім көп сәт жеңеді. Күдікпен қарап, қуанып бірде мұнайып, Бір жаксылықтың боларына да сенеді.

Алдағы уақыт сәтімен болсын тілерім, Иа, Аллам, бүгін осыны ғана тіледім. Ойлана беріп, мұнайып тағы отырмын, Қуансыншы бір, жұдырықтай сол жүрегім!

**АЯЙМЫН СЕНІ, ЖҮРЕГІМ**

Аяймын сені, жүрегім, білесің бе? Шамаң бар ма тағы да күресуге. Бір жеңіліп, бір тұрып келесің сен, Өзгелермен бар ма күш тіресуге.

Кеше өзгеге не айтып, не деп қойдым, Өтірікке өзімнің тағы тойдым. 20 жасты өткердік қарап тұрсам, Нені алып өмірден, нені қойдым.

Бір қиналып қоямын мен расында, 1000 адамнан шықпады бір досым да. Достарым көп, түсінер адамым жоқ Айтып қоям өзіме, тек жасыма.

...Кеше айтты бір досым сұрап тұрып, Бақыт пенен байлықтан сұрақ құрып. Жауабымды ойланып айтқаныммен Мына көңіл жауап берді жылап тұрып.

Міне, солай тағы да көңіл жүдеу, үлгі болсам өзгеге мен де тіреу. Мына өмірде бәрін де түсінгенмен Ақындарды түсінбейсің дейді біреу.

Не амал бар, қиналдым шыдай-шыдай, Ұяламын көмекті сұрай-сұрай. Өзгесі керек емес, бақыт керек Ақындықты қаламаймын баяғыдай!

**БІР СЕЗІМ!**

Көрсеттің сен, ғашықтыққа күйөді, Айтпадың сен, көкейге бір түйөді. Жауапсыз ол болғанымен қайтейін Жазып қойдың тағы маған сүйөді.

Бұл не сезім, бұл не сезім білмедім, Көргім келер мына сені білгенім. Қарап қалсам, бір бейнеңе қуанып Жылдам соғар, менің байғұс жүрегім!

Жүздеріңе қарап кейде қоямын, Бір бейнеңе, жаным-ау, мен тоямын. Түсімде де бір өзінді көрумен, Сені ойлаумен мына танда ояндым!

Сұлу көздер кірпік түріп қояды, Қарағанда жүрек, шіркін, тояды. Тал бойында мінің бар ма таппадым Болса дағы жүзің оны жояды.

Қайтем енді, ғашық еттің өзіне, Бөлкім, бұл да уақытша бір сезім бе? Қанша сүйіп тұрсам дағы мен бірақ Рахатты көре алмадым сезіне.

Жүрегімді тыңдайсың ба, жаным-ау, Тілейтінім мына сені сағынбау. Осылайша мына сені ұмытып, Көптің бірі секілді етіп қабылдау!



Досжан Балабекұлы (фотос)

*Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – қарқынды дамып келе жатқан, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауды белсенді жүзеге асырып отырған іргелі оқу орны. Ол – Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысы және беделдісі. Елімізге қажетті қабілетті мамандар даярлауда ҚазҰУ-дың алар орны ерекше.*

**ҚАЛА ІШІНДЕГІ ҚАЛАШЫҒЫМ**

80 жылдан астам тарихы бар осынау киелі орынға түсу – әрбір қазақстандық жастың арманы. Мен осындай білім ордасында оқып жатқанымға мақтанамын. Бұл кара шаңырақта әлемдік деңгейдегі белгілі қазақ ғалымдары, аса көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері: М. Әуезов, К. Сәтбаев, Е. Бекмаханов, Д. Сокольский, Ә. Марғұлан, К. Персидский, А. Бектұров, Т. Тәжібаев сынды біртуар тұлғалар дәріс оқыған. Осындай тұлғалар аттаған университет табалдырығын менің де аттап жүргенімнің өзі бір бақыт деп есептеймін! ҚазҰУ-дың қаншама шәкірттері бүгінде білдей академик, профессор, халық жазушысы, өз саласының білгірі болып, университет мақтанышына айналған. Осындай оқу орнында білім алып жүргенім мені үлкен әсерге бөлейді.

Мұнда жастардың сапалы да алаңсыз білім алуына бар жағдай жасалған. Қалашықта 3 млн.-ға жуық кітап қоры бар кітапхананың өзі бір төбе. Одан бөлек үлкен спорт кешені, тамақтандыру комбинаты мен интернет орталығы, Керемет СКҚО, диагностикалық орталық, сондай-ақ Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы жұмыс істейді. Университетімізде білім беру жүйесі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі және оқытудың кредиттік жүйесі толық күшіне енген. Бакалавр – магистр – PhD түрінде үш сатылы маман даярлау қамтамасыз етілген. Білімді тексерудің қуатты корпоративтік Интранет жүйесі іске қосылған. Мұның бәрі – жастардың біліктілігі мен білімділігін арттыру, Қазақстанның дамыған мемлекеттер қатарына енуі мен сапалы кадр даярлауда жасалып жатқан ауқымды жұмыстар.

**Жанна МӘЛІК,**

филология және элем тілдері факультетінің 1-курс студенті

**Мамандығым – мақтанышым!**

*Мамандық – әрбір адамның болашағы және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Өмірде мамандықтың түрлері өте көп. Тек таңдай білу қажет. Болашақта үлкен маман иесі болып, елге, жерге қызмет қылу әр адамның арманы. Өзі ісіне сенімді, мамандығын дұрыс таңдай білген адам ғана үлкен жетістіктерге жетеді. Менің таңдаған мамандығым – әлеуметтану мамандығы.*

Әлеуметтану – қоғамның қалыптасуы және даму заңдылықтары туралы ғылым. Қоғамның барлық құбылыстарын, халықтың көзқарасы мен пікірін анықтап тұратын әлеуметтанушылар болып табылады. Әлеуметтану мамандығы қызықты мамандықтардың бірі. Қазақстанда шетелдегідей дамыған сала болмаса да, жақсы қарқынмен дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл салада еңбек еткен қазақстандық тұлғалар өте көп. Әлеуметтану мамандығының бір қызығы ол қоғамдағы барлық саланы қамтып отырады. Сондықтан әлеуметтанушылар жан-жақты болу керек.

Мен ҚазҰУ-дың “Әлеуметтану” мамандығының 4-курс студентімін. Мамандығымды мақтан тұтамын. Болашақта еліміздің елеулі бір маманы атану – басты мақсатым.

**Қыз Жібек ӘМІРОВА**

**В КазНУ прошла I Республиканская Зимняя психологическая школа «Современные технологии в консультативной практике психолога»**



# ПОКАЗАТЕЛЬ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ – СПАРТАКИАДА

В Послании Президента РК Н. А. Назарбаева «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» сказано, что качеству жизни населения нашей страны уделяется важнейшее внимание. Не меньшее внимание в нем уделяется здоровью граждан и популяризации физической культуры и спорта. «Ведение здорового образа жизни и развитие медицины позволит увеличить продолжительность жизни казахстанцев до 80 лет и старше», – отмечается в нем.



С 5 по 14 января 2016 года на спортивных площадках КазНУ проводились соревнования сборных команд факультетов и подразделений в программе 44-й традиционной спартакиады «Здоровье» среди профессорско-преподавательского состава, сотрудников и докторантов по восьми видам спорта: бадминтон, волейбол (мужчины и женщины), дартс, тогызкумалак, шахматы, мини-футбол и настольный теннис. В ней приняло участие 19 сборных команд факультетов и подразделений из 789 человек. Целью этого мероприятия является укрепление здоровья и пропаганда здорового образа жизни участников.

Большую помощь в организации и проведении спартакиады оказала администрация университета, профсоюз работников «Парасат», кафедра физического воспитания и спорта, Спортивный клуб.

По результатам 8 видов спорта победителем спартакиады в общекомандном зачете стал механико-математический факультет, набравший 25 очков. Декан факультета – М. А. Бектемесов, председатель профбюро – М. Б. Елгондина. Второе место завоевал

спортивный коллектив факультета химии и химической технологии, набрав 34 очка (три первых места по видам спорта). Декан факультета – Е. К. Онгарбаев, председатель профбюро – Р. Г. Рыскалиева. На третьем месте, впервые участвующая команда – Центр безопасности и оперативного реагирования, получившая 34 очка (два первых места по видам спорта). Директор Центра – К. У. Машекенов, председатель профбюро – С. О. Оразбак.

Лучшими игроками спартакиады по видам программы признаны: настольный теннис – А. Галева и Б. Кенесов (факультет

химии и химической технологии); бадминтон – А. Кушумов (военная кафедра), А. Комаров, А. Мигунова (физико-технический факультет), Л. Пронченко (Центр безопасности и оперативного реагирования); тогызкумалак – А. Кенесов (факультет философии и политологии), Г. Айгаринова (юридический факультет); волейбол (мужчины): А. Сулейманов – лучший нападающий игрок (центр безопасности и оперативного реагирования), Б. Урмашев – лучший связующий игрок (механико-математический факультет), Е. Ахметов – лучший разносторонний игрок (факультет международных отношений); волейбол (женщины): лучший игрок – П. Ермаханова (Центр безопасности и оперативного реагирования), лучший разыгрывающий – А. Мажитова (механико-математический факультет) и Р. Бейсембаева (Центр безопасности и оперативного реагирования); дартс – А. Бектемесов (механико-математический факультет); шахматы – И. Цыганов (физико-технический факультет); мини-футбол – Б. Таубаев (юридический факультет), лучший вратарь – Б. Боранбаев (механико-математический факультет).

Впервые в этой традиционной Спартакиаде «Здоровье» приняли участие две активные команды Научной Библиотеки и Центра безопасности и оперативного реагирования.

Хорошую организаторскую работу по подготовке сборных команд факультетов и подразделений к соревнованиям провели

председатели профсоюзных бюро, а также их ответственные за спортивную деятельность: М. Елгондина, А. Уайсов (мех-мат); Э. Бейсетбаева, А. Кушумов (военная кафедра), А. Шакиров (физ-тех); Р. Рыскалиева, Б. Ескалиева (хим-фак); К. Машекенов, С. Оразбак, Е. Ишанов (ЦБиОР); М. Умбетов (юрфак); Б. Кобекова (ФФиП); Н. Баймурзаев (биофак); З. Абыдин (ФМО); Б. Купешова (ВШЭиБ); А. Картабаева, Н. Сагындык (филфак); Л. Мухамадиева (журфак); Р. Султан (ректорат); А. Ахмедова (ФДО); Ж. Кумганбаев (истфак); Ш. Мукашева, Л. Рафхатова (библиотека). Многие участники спартакиады соревновались в 2-х и более видах программы.

Спартакиада вызвала большой интерес среди преподавателей, сотрудников и докторантов университета, помогла получить им хороший заряд бодрости и здоровья, повысила эмоциональный и физический тонус, явилась показателем ведения здорового образа жизни участвующих.

Призеры соревнований по видам спорта были награждены грамотами и призами, а призеры Спартакиады в общекомандном зачете – дипломами соответствующих степеней и памятными кубками профсоюза работников «Парасат».

**Н. П. ТАГАНОВА,**  
главный судья спартакиады,  
ст. преподаватель кафедры  
физвоспитания и спорта,  
член профкома «Парасат»

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Айгерім КАМАЛДИНОВА, Елдана ТОҚБАЙ**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

## МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел.: 2-93-09-09

## Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана  
Талпырыс №21

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның кезқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.